

Өскемен қалалық мәслихатының 2021 жылғы 17 қыркүйектегі № 10/8-VII "Өскемен қаласында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 2/5-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 3 мамырда № 8833-16 болып тіркелді

Өскемен қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Өскемен қалалық мәслихатының 2021 жылғы 17 қыркүйектегі № 10/8-VII " Өскемен қаласында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 24586 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

2-тармақтағы мемлекеттік тілдегі мәтін өзгеріссіз қалдырылсын, орыс тіліндегі мәтіні жаңа редакцияда жазылсын;

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Шығындарды өтеу өтініш берілген айдан бастап мүгедектігі бар баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнынан анықтамада көрсетілген мерзім аяқталған айға дейін жүргізіледі.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу үшін қажетті құжаттар шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшада белгіленген тізбеге сәйкес ұсынылады."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қалалық мәслихатының төрағасы

А. Светаш